

6D030100 - Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Сабыр Айсұлмен орындалған «Отандық су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысқа ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Кез келген мемлекетте экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету алғашқы кезекте тұратын мәселелердің бірі саналады. Экологиялық қылмыстылықпен күрес қылмыстық құқық және криминология ғылымдарының еншісінде ерекше орын алады.

Диссертацияда су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпылама құрамы, яғни қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі, объективтік жағы, субъектісі мен субъективтік жағына және қылмыстық дәрежелер бойынша елімізде алғашқы рет докторлық диссертация деңгейінде ғылыми талдау жасалған. Автор әуелі өптеген қайшылықтарға толы терминологиялық мәселелерді шешу жолдарын қараған, суды пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылыққа анықтама берген, қылмыстылықтың алдын алу шараларын, қылмыстық нормаларды қолдануды тиімдеуге байланысты ұсыныстарды ғылыми тұрғыдан жан-жақты негіздеген.

Су ресурстарымен байланысы бар, бірақ түрлі объектіге қолсұғатын, іс-тәжірибеде саралау барысында жиі кездесетін мәселелерді шешуге зор мүмкіндік беретін қоғамға қауіпті іс-әрекеттерге нақты түсінік беріп, өзара ұқсас қылмыстарды ажыратқан. Су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық іс-әрекеттер жайлы ғылыми еңбектердің тапшылығына қарамастан ізденуші жан-жақты да нәтижелі еңбектенгені байқалады.

Бірнеше шетел мемлекеттерінің аталған саладағы заңнамаларына салыстырмалы талдау жасап, оларға сыни көзбен баға берген.

Қылмыстық іс-әрекетті саралауда туындайтын қиындықтарды жою мақсатында «Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 Нормативтік қаулыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсынысын жөн санаймыз.

Сонымен қатар, зерттеуші сот тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 328-баптың жаңа нұсқасын ұсынған. Бұл ұсынысты, біздің пікірімізше, өте ұтымды, көңілге қонады.

Диссертант бірнеше ұсыныс-тұжырымдар жасаған, оншақты ғылыми еңбектері жариялаған. Басқа елде де мақаласы жарық көрген.

Диссертациялық жұмыстың тілі (ана тілі) жатық, тартымды. Зерттеу жұмысының тараулары, онда қарастырылған мәселелер арасында логикалық байланыс байқалады, тұжырымдары мен ұсыныстары жаңа, негізделген, әрі дәйектелген, оларды ғылыми жаңалығы мен теориялық және тәжірибелік маңызға ие деп бағалауға болады.

Қорыта айтқанда, 6D030100 - Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Сабыр Айсұлумен орындалған «Отандық су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері» атты тақырыптағы диссертациялық жұмыс қорғауға жіберуге лайықты, диссертациялық талаптарға толық сәйкес келеді, деген пікірдемін.

**М.О.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университетінің
«Заң» факультеті «Азаматтық құқық
және азаматтық процесс» кафедрасының
профессоры, з.ғ.к.**



Қ.Т.Битемиров

6D030100 - Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Сабыр Айсұлумен орындалған «Отандық су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері» атты тақырыптағы диссертациялық жұмысқа ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Құқықтық мемлекет құру кезеңіндегі қылмыстылықпен және заңның бұзылуымен күресу мәселелері өзіндік аса мағынаға ие. Көпшілікке мәлім жағдай, су ресурстарымен байланысты сан түрлі қылмыстық құқық бұзушылықтар адамдарға, қоғамға, мемлекетке үлкен зардап тигізеді.

Қылмыстылықпен күресуді күшейту керектігін бағыттай отырып, Қазақстан Республикасының алғашқы Президенті: «Заң үстемдігін орнату және азаматтарды қылмыстан қорғау. Керісінше, заңның және биліктің бар күшін, өзінің өмір сүру қабілеттілігін заңсыз жолмен қамтамасыз етіп отырғандарға қарсы қолдану керек» деген болатын.

Докторант өзінің арнайы ғылыми зерттеу жұмысын қылмыстық құқық пен криминология ғылымында өзіндік орны бар экологиямен байланысты қылмыстылықтың алдын алу шарасына арнап отыр.

Ізденуші өзінің зерттеу жұмысында соңғы жылдардағы отандық және көптеген шетел мемлекеттерінің экологиялық әрекеттерін криминологиялық зерттеу объектісі ретінде қарастырған. Біршама сот-тергеу іс-тәжірибелерімен, отандық және шетелдік ғылыми еңбектермен, нормативтік актілермен танысып, оларды екеу-текеуі сыни көзбен талдаған.

Докторант диссертациясында статистикалық мәліметтердің көмегімен су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстылықтың жайы-күйін, динамикасын, құрылымын жеткілікті деңгейде сипаттаған. Статистикалық деректер, кестелер саны жеткілікті пайдаланылған.

Су ресурстары зерттеліп отырған қылмыстық құқық бұзушылықтардың **объектісінің заты** ретінде қарастыра отырып, оның қылмыстық құқықтық табиғаты мен қылмыстылықта алатын орнына ғылыми тұрғыдан мән берген, заң нормаларын терең талдаған.

Қылмыстық теорияда су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды классификациялап, соған сәйкесті қылмыстық әрекеттерді дұрыс саралаудың бастауы еткен.

І. Тікелей объектісі бойынша су заңнамасын бұзумен байланысты қылмыстық-құқықтық тиымдарды келесідей 2 топқа бөлуге болады:

- су объектісіне тікелей қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (*су ресурстарындағы қылмыстық құқық бұзушылық*): 328-бап. Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу; 330-бап. Теңіз ортасын ластау.

- су объектілеріне жанама қол сұғатын құқық бұзушылықтар.

Алғашқы топқа экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың қатарындағы нақты су ресурсына қол сұғатындарды жатқызамыз.

Екінші топқа су ресурсына жанама қатысы бар экологиялық және ҚҚ-тің басқа тарауларында қарастырылатын қылмыстық құқық бұзушылықтар кіреді.

II. *Объективті жағдай бойынша* су заңнамасын бұзумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды да топтастырады.

Міне осы тұрғыдан қылмыстық заңдағы су ресурстарымен байланысты нормаларды саралап, олар туралы өзінің жаңаша тұжырымдары мен ұсыныстарын негіздеген.

Доктаранттың 10 шақты негізгі тұжырымдары мен ұсыныстары бар, олардың барлығын түгелдей еңбегінде дәлелдей алған. Айтылған ой-тұжырымдарында логикалық байланыс байқалады, ішкі бірлік сақталынған. Жазу тілі жатық, жеңіл, түсінікті болғандықтан, диссертациялық жұмыс оқырманна өте жақсы әсер қалдырады.

Қорыта айтқанда, 6D030100-Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Сабыр Айсұлумен орындалған «Отандық су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері» атты тақырыптағы диссертациялық жұмыс диссертация талаптарына толық сәйкес келеді, сондықтан оны қорғауға жіберуге болады, деп есептеймін.

Қазақстан Республикасының ІІМ
Мақан Есбұлатов атындағы
Алматы академиясы Ғылыми зерттеу
орталығы ғылыми қызметкері,
заң ғылымдарының докторы,
профессор



Г.Р. Рүстемова

Профессор Г. Рүстемова

ғылыми респондент

кадр сапасын білімнің

полицияға подготавливал



Бастам
Р. Мерсаибеков